

Адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы тәуекелдерге бағалау жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2024 жылғы 23 қазандағы № 849 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 24 қазандағы № 410 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылды 24 қазанда № 35288 болып тіркелді.

"Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған Адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы тәуекелдерге бағалау жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ұйымдастырылған қылмысқа қарсы күрес департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін бес жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Зан департаментіне хабарлауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасарына және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі

C. Жакупова

Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сактау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі

E. Саденов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Туризм және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік корғау министрі

2024 жылғы 24 қазандағы

№ 410 мен

Қазақстан Республикасы

ішкі істер министрі

2024 жылғы 23 қазандағы

№ 849 бірлескен бұйрығымен

бекітілген

Адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы тәуекелдерге бағалау жүргізу қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы тәуекелдерге бағалау жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес әзірленді және адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы тәуекелдерге бағалау жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) адам саудасының тәуекелдері – адам саудасына және оларды пайдалануға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындауы салдарынан туындаған қауіптер мен теріс салдарлардың жеке және қоғамдық деңгейлерде болуы;

2) адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы тәуекелдерді бағалау (бұдан әрі – тәуекелдерді бағалау) – адам саудасына қарсы іс-қимыл саласында туындастын тәуекелдерді анықтау, талдау және басқару мақсатында жүйелі зерттеу және ұйымдастыру іс-шараларының кешені;

3) адам саудасының тәуекелдерін саралау – кейіннен талдау мақсатында тәуекелдерді бағалау үшін деректерді жинау үдеріс алынған деректерді салыстыру арқылы адам саудасының тәуекелдерін жіктеуге бағытталған рәсім;

4) адам саудасының тәуекелдерін айқындау – адам саудасына ықпал ететін қауіптер мен осалдықтарды анықтау және айқындау үдеріс;

5) адам саудасының ықтимал құрбандарының тәуекел профилі – тәуекел саласы, тәуекел индикаторлары және тәуекелдерді азайту жөніндегі шаралар туралы мәліметтер жиынтығы;

6) адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілері (бұдан әрі – субъектілер) – уәкілетті мемлекеттік органдар, өз құзыреті шегінде адам саудасына қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдар, денсаулық сақтау және білім беру үйымдары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары, коммерциялық емес үйымдар, туристік қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ еңбек делдалдығын көрсететін жеке немесе заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының аумағында аккредиттелген халықаралық үйымдар;

7) адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар (бұдан әрі – уәкілетті мемлекеттік органдар) – ішкі істер органдары және халықты әлеуметтік қорғау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

8) деректерді жинау – тәуекелдерді бағалау үшін адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілерінен ақпарат алу үдеріс;

9) сараптама тобы – субъектілер өкілдерінің қатарынан тұратын топ.

2-тaraу. Адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы тәуекелдерге бағалау жүргізу тәртібі

3. Тәуекелдерге бағалау 3 (үш) жылда 1 (бір) рет жүргізіледі, субъектілерден деректерді жинау жыл сайын жүзеге асырылады.

4. Деректерді жинау және тәуекелдерге бағалау жүргізу мақсатында уәкілетті мемлекеттік органдар тұрақты негізде әрекет ететін сараптама тобын құрады.

5. Сараптама тобының отырыстарының сандық құрамын, жиілігін және жұмыс форматын уәкілетті мемлекеттік органдар айқындайды.

6. Тәуекелдерге бағалау жүргізу жөніндегі сараптама тобының жұмысын үйлестіруді уәкілетті мемлекеттік органдар ротациялық негізде үш жыл кезеңділікпен жүзеге асырады.

7. Адам саудасының тәуекелдерін айқындау адам саудасына байланысты, оның ішінде жеке (адам саудасын жасау және оларды пайдалану нысандары, әдістері мен тәсілдері, адам саудасының ықтимал құрбандарының тәуекел профилі) және қоғамдық (әлеуметтік, экономикалық және басқа да тәуекелдер) деңгейлерде ықтимал қауіптерді анықтау, олардың ауқымын және осалдықтарын зерттеу және анықтауға бағытталған.

8. Адам саудасының тәуекелдерін айқындау рәсімі заңнамалық, профилактикалық, практикалық, халықаралық, ведомствоаралық, ведомстволық, және статистикалық сипаттағы әртүрлі ақпаратты пайдалануды көздейді.

9. Адам саудасының тәуекелдерін анықтау мақсатында субъектілер жыл сайын уәкілетті мемлекеттік органдардың сұрау салуы бойынша осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы тәуекелдерді бағалау жөніндегі сауалнамаға сәйкес бір ай мерзімде (егер сұрау салуда өзгеше мерзім белгіленбесе) мәліметтер береді.

Деректер болмаған не оларды беру мүмкін болмаған жағдайда қандай да бір мән-жайлар бойынша олардың себептері көрсетіледі.

10. Бұдан басқа, ақпарат көзі ретінде Біріккен ұлттар ұйымының (БҰҰ), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) және адам саудасына қарсы іс-қимыл саласында жұмыс істейтін ұйымдардың халықаралық баяндамалары, есептері мен ұсынымдары, ашық дереккөздерден алынған мақалалар, адам саудасының құрбандарымен, сарапшылармен жарияланымдар мен сұхбаттар, зерттеулер, адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы ғылыми еңбектер мен материалдар пайдаланылады.

11. Сараптама тобы адам саудасының ішкі және сыртқы тәуекел факторларының болуы туралы түсініктерді одан әрі өндеу және қалыптастыру үшін барлық қажетті ақпаратты жинауды жүзеге асырады.

12. Адам саудасының тәуекелдері анықталғаннан кейін, сарапшылар тобы ықтимал қауіптерді, олардың пайда болу ықтималдығын, салдарын және олардың елдегі адам саудасы мәселесіне, тәуекел тобына және адам саудасының ықтимал құрбандарына әсерін талдау және анықтау үшін жиналған деректерді өндейді.

13. Деректерді өндеу мыналарды қамтиды:

- 1) жиналған ақпараттың сапасы мен толықтығын және оның осы Қағидалардың қосымшасына сәйкестігін тексеру;
- 2) құрылымдау;
- 3) саралау.

14. Жиналған деректерді өндегеннен кейін сараптама тобы талдауды жүзеге асырады, оны өткізу кезінде:

- 1) адам саудасы тәуекелдерінің көзі;
- 2) адам саудасы тәуекелдерінің сипаты;
- 3) мемлекеттің белгілі бір аумағында, оның ішінде шетелден адам саудасы тәуекелдерінің пайда болу ықтималдығы;
- 4) адам саудасы тәуекелдерінің салдары;
- 5) азаматтардың осал санаттары (тәуекел топтары), адам саудасының әлеуетті құрбандары;
- 6) адам саудасын жүзеге асыру схемалары мен тәсілдері;
- 7) адам, оның ішінде кәмелетке толмағандар саудасын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын арбалau және бақылау әдістері;
- 8) адам саудасының себептері мен шарттары;

9) оларды пайдалану нәтижесінде адам саудасының құрбандары көрсететін қызметтерге сұранысты тәмендетуді қоса алғанда, тиімді профилактика тәсілдері анықталады.

15. Тәуекелдерді бағалау үшін деректерді талдау кезінде сараптамалық топ өзекті халықаралық баяндамаларға, БҰҰ, ЕҚҰҰ және адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті жүзеге асыратын басқа да ұйымдардың және сарапшылардың есептері мен ұсынымдарына, адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы зерттеулерге, ғылыми еңбектер мен материалдарға сілтемелерді пайдаланады.

16. Тәуекелдерді бағалау үшін деректерді талдауға әртүрлі білім салаларының мамандары, ғылыми мекемелер мен өзге де ұйымдар, ғылыми қызметкерлер, коммерциялық емес және халықаралық ұйымдардың өкілдері тартылады.

17. Жиналған деректерді талдау қорытындылары бойынша сараптама тобы тәуекелдерді бағалауды қалыптастырады, онда:

- 1) тәуекелдерді бағалаудың сипаттамасы;
- 2) тәуекелдерді бағалау жөніндегі қорытындылар;
- 3) адам саудасына байланысты қылмыстардан туындаған ықтимал салдарлардың профилактикасын және оларды жоюды қоса алғанда, тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған шараларды қабылдау туралы ұсынымдар;
- 4) құзыреттері бойынша субъектілер үшін адам саудасының әлеуетті құрбандарының тәуекел бейіні болады.

18. Сараптама тобы адам саудасының тәуекелдерін айқындаі отырып нәтижелерді қалыптастырады және оларды Адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық комиссияның жұмыс органына жібереді.

19. Тәуекелдерді бағалау нәтижелері және адам саудасының туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі қызметті жетілдіруге бағытталған әзірленген ұсынымдар адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында қаралады және адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілеріне жеткізіледі, сондай-ақ іс-шаралар жоспарын, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеу кезінде ескеріледі.

Адам саудасына қарсы іс-қимыл
саласындағы тәуекелдерді
бағалау жүргізу қағидаларына
қосымша

Адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы тәуекелдерді бағалау жөніндегі САУАЛНАМА

№	Көрсеткіштер	Деректер / Пікірлер
1		
Жалпы сұрақтар		1. Адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамадағы

Қазақстан Республикасында адам саудасына қарсы іс-қимыл саласында қандай тәуекелдер байқалады?

Ескерту.

Адам саудасының профилактикасы, алдын алу және оған қарсы күрес бойынша күш-жігердің тиімділігін шектейтін ықтимал тәуекелдер көрсетілген.

олқылыктар, халықаралық стандарттарға сәйкесіздік:

Иә / Жоқ (егер солай болса, сипаттаңыз)

2. "Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Занының ережелерін іске асыру тетіктерін тәжірибелік реттеудің жеткіліксіздігі: Иә / Жоқ (егер солай болса, сипаттаңыз)

3. Ведомствоаралық өзара іс-қымылдың жеткіліксіздігі (ақпарат алмасу, ынтымақтастық орнату):

Иә / Жоқ (егер солай болса, сипаттаңыз)

4. Адам саудасына қарсы іс-қимыл шараларының тиімділігін бақылау үшін мониторинг және бағалау жүйелерінің болмауы:

Иә / Жоқ (егер солай болса, сипаттаңыз)

5. Адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы жобаларды жеткіліксіз қаржыландыру:

Иә / Жоқ (егер солай болса, сипаттаңыз)

6. Адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілерін оқытудың жеткіліксіздігі:

Иә / Жоқ (егер солай болса, сипаттаңыз)

7. Адам саудасы проблемасы туралы ақпараттандыру бөлігінде жұртшылықпен жұмыстың жеткіліксіздігі: Иә / Жоқ (егер солай болса, сипаттаңыз)

8. Қабылданған шаралар және олардың нәтижелері туралы ашықтықтың, тұрақты есептіліктің болмауы: Иә / Жоқ (егер солай болса, сипаттаңыз)

9. Басқа тәуекелдер (сипаттаңыз):

1. Экономикалық факторлар (экономикалық дағдарыс, шекаралас елдердің жағдайы, жұмыссыздық деңгейі, кірістердің тенсіздігі және ресурстарға кол жетімділік):

Иә / Жоқ (егер солай болса, сипаттаңыз)

Қазақстан Республикасында адам саудасының тәуекел деңгейіне қандай факторлар әсер етеді?

	<p>Ескерту.</p> <p>Адам саудасының тәуекел деңгейі жеке адамдар немесе топтардың осалдығын арттыратын көптеген факторлармен анықталады.</p>	<p>2. Әлеуметтік және демографиялық факторлар (білім деңгейі, халықтың адам саудасының тәуекелдері туралы хабардарлығының төмендігі, халық санының өсуі, ішкі / сыртқы көші-қон, әлеуметтік стигматизация):</p> <p>Иә / Жоқ (егер солай болса, сипаттаңыз)</p> <p>3. Басқа факторлар (сипаттаңыз):</p>
--	---	--

	<p>Анықталған тәуекелдерді азайту және қабылданған шаралардың тиімділігін арттыру бойынша қандай шаралар қабылдау қажет?</p> <p>Ескерту.</p> <p>Тәуекелдерді азайту және адам саудасына қарсы іс-қимыл шараларының тиімділігін арттыру үшін кешенді тәсілді енгізу қажет, ол заңнамалық, институционалдық, әлеуметтік және баска шараларды қамтиды.</p>	<p>1. Үлттық заңнаманы халықаралық стандарттарға бейімдеу: Иә / Жоқ (егер солай болса, сипаттаңыз)</p> <p>2. "Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Занының ережелерін іске асыру тетіктерін енгізу:</p> <p>Иә / Жоқ (егер солай болса, сипаттаңыз)</p> <p>3. Ведомствоаралық өзара іс-қимылды қүшету (ақпарат алмасу, ынтымақтастық орнату):</p> <p>Иә / Жоқ (егер солай болса, сипаттаңыз)</p> <p>4. Адам саудасына қарсы іс-қимыл шараларының тиімділігін бақылау үшін мониторинг және бағалау жүйелерін енгізу:</p> <p>Иә / Жоқ (егер солай болса, сипаттаңыз)</p> <p>5. Адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы әлеуметтік жобаларды іске асыру:</p> <p>Иә / Жоқ (егер солай болса, сипаттаңыз)</p> <p>6. Адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілерін жүйелі оқыту:</p> <p>Иә / Жоқ (егер солай болса, сипаттаңыз)</p> <p>7. Адам саудасы проблемасы туралы хабардарлықты арттыру бөлігінде жүргіштікпен жұмысты жандандыру: Иә / Жоқ (егер солай болса, сипаттаңыз)</p> <p>8. Қабылданған шаралар мен олардың нәтижелері туралы ашықтықты, тұрақты есептілікті қамтамасыз ету:</p>
--	---	---

		<p>Иә / Жок (егер солай болса, сипаттаңыз)</p> <p>9. Басқа шаралар (сипаттаңыз):</p>
4	<p>Адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық ынтымақтастық шет мемлекеттердің күзыретті органдарымен жүзеге асырыла ма? Қындықтар бар ма?</p> <p>Ескерту.</p> <p>Адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық ынтымақтастық ратификацияланған халықаралық конвенцияларды, екіжақты және көпжақты келісімдерді, форумдарды, дөңгелек үстелдерді қамтитын тетіктер арқылы жүзеге асырылады.</p>	<p>1. Халықаралық ынтымақтастық халықаралық конвенциялар, келісімдер, форумдар, дөңгелек үстелдер шенберінде жүзеге асырылады. Қындықтар туындамайды:</p> <p>Иә/Жок (егер солай болса, сипаттаңыз)</p> <p>2. Халықаралық ынтымақтастық халықаралық конвенциялар, келісімдер, форумдар, дөңгелек үстелдер шенберінде жүзеге асырылады. Қындықтар туындайды (күкіктық жүйелер мен заннаманың айырмашылығына байланысты; заннаманы іс жүзінде қолдану; ақпарат алмасу және қысқа мерзімде жауап алу проблемалары, халықаралық іс-шараларды өткізу үшін ресурстар мен қаржыландырудың жеткіліксіздігі)</p> <p>Иә/Жок (егер солай болса, сипаттаңыз)</p> <p>3. Халықаралық ынтымақтастық халықаралық конвенциялар, келісімдер, форумдар, дөңгелек үстелдер шенберінде жүзеге асырылмайды. Қындықтар туындамайды:</p> <p>Иә/Жок (егер солай болса, сипаттаңыз)</p>
5	<p>Адам саудасына қарсы іс-қимыл саласында қай шет мемлекеттермен белсенді өзара іс-қимыл жасасасыз? Жұмыс нәтижелері (тәжірибе алмасу, он тәжірибелі енгізу, қызметкерлерді оқыту, адам саудасының құрбандарына көмек көрсету, қылмысты ашу)?</p>	
6	<p>Халықаралық ынтымақтастықтың ең тиімді шараларын сипаттаңыз (кездесулер, келіссөздер, форумдар)?</p>	
7	<p>Адам саудасына қарсы іс -қимыл саласында қандай халықаралық және үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс істейсіз (толық атауы)?</p>	

8	<p>Адам саудасына карсы іс -қымыл саласында оқытудан/ тренингтерден/біліктілікті арттырудан өткен қызметкерлер саны</p> <p>Ел ішінде/шетелде үйымдастырылған Тренинг тақырыптарының атауы Кезең</p>	
9	<p>Қазақстан Республикасының азаматтарын адам саудасының тәуекелдері және құқықтық сауаттылықты арттыру туралы алдын алуға және хабардар етуге бағытталған БАҚ -та, мемлекеттік органдардың сайтында, әлеуметтік желілерде орналастырылған жарияланымдардың саны</p> <p>Тақырыптық бағдарламалар, бейнероликтер, сұхбаттар саны</p>	
10	<p>Жұмыс үдеріс туындайтын проблемалық мәселелер (заңнама, практика, өзара іс -қымыл)</p>	

2

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

(Астана, Алматы, Шымкент қалалары, облыстар және көліктегі полиция департаменттерінің адам саудасына қарсы күрес жөніндегі аумақтық бөлімшелер)

1	<p>Есепті кезең</p> <p>Адам саудасына байланысты тіркелген қылмыстардың саны (адам саудасының нысандары бойынша), оның ішінде адам саудасына карсы іс-қымыл субъектілерінен түсken ақпарат бойынша</p> <p>Адам саудасының әсеріне қай қалалар/аймақтар көбірек ұшырайды және оның негізгі себептері қандай?</p>	
2	<p>Адам саудасы құрбандарын әкетудің, әкелудің және транзиттің анықталған және жолын кескен арналарының саны (ішкі / сыртқы трафик)</p>	
3	<p>Қандай қылмыстар немесе құқық бұзушылықтар адам саудасына байланысты қылмыстармен бірге жүреді немесе ықпал етеді?</p>	
4	<p>Адам саудасына байланысты қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келіп</p>	

	түсken / жіберілген халықаралық тапсырмалардың саны	
5	Адам саудасына байланысты қылмыстар үшін ұсталған КР азаматтары мен іздеуде жүрген шетелдіктердің, оның ішінде халықаралық азаматтардың саны Қабылданған дең қою шаралары	
6	Сотқа және сотталған адамдарға жіберілген істер саны Сотқа жеткізілген істердің төмен пайызына қандай себептер әсер етеді?	
7	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыру фактілері бойынша тіркелген істер саны Сот тәртібімен тәркіленген мүлік немесе сома	
8	Адам саудасына байланысты қылмыстық істер бойынша жәбірленуші деп танылған адамдардың саны (жасы, азаматтығы және жынысы бойынша)	
9	Арнаулы әлеуметтік қызметтер алу үшін қайта жіберілген жәбірленушілер саны (азаматтығы бойынша)	
10	Өздеріне қатысты депонирлеу колданылған адам саудасына байланысты қылмыстар бойынша жәбірленушілердің саны (азаматтығы бойынша)	
11	"Қылмыстық процеске қатысатын адамдарды мемлекеттік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сойкес оларға қатысты қауіпсіздік шаралары қабылданған жәбірленушілер мен басқа да қатысуышылардың саны (азаматтығы бойынша)	
12	Жәбірленушілерге өтемақы корынан өтемақы төленген құрбандар саны (азаматтығы бойынша) және қандай сомаға?	
	Іс барысында қандай тәуекелдерді көресіз: қылмыстарды ашу және тергеу?	

13	<p>көғамдық тәртіпті қорғауды және екімшілік құқық бұзушылықтарды анықтауды жүзеге асыру?</p> <p>адам саудасының ықтимал құрбандарын қабылдау-тарату орнына қамау?</p> <p>кеші-қонды бақылауды жүзеге асыру?</p> <p>кәмелетке толмағандармен жұмыс ?</p>	
----	--	--

3	<p>Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі</p> <p>Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы бағытты айқындастын облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары</p> <p>Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілер</p>	
---	--	--

1	<p>Адам саудасының құрбандары туралы мәліметтер</p> <p>Есепті кезең</p> <p>Адамдарды сәйкестендіру және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету үшін қайта жіberген адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілері</p> <p>Келіп түскен адамдардың жалпы саны/ оның ішінде: анықталған/ анықталмаған</p> <p>Көмек және арнаулы әлеуметтік қызметтер алған адам саудасы құрбандарының саны</p> <p>Қылмыстық іс жүргізу шенберінде шаралар қабылдау үшін ішкі істер органдарына жіberілген адам саудасы құрбандарының саны - Адам саудасы құрбандарының жасы (18-25; 26-45; 45-60; 60 және одан жоғары)</p> <p>Азаматтығы (шыққан елі)</p> <p>Ұлтты</p> <p>Жынысы (ерек/әйел)</p> <p>Әлеуметтік мәртебе</p> <p>Отбасылық жағдайы</p> <p>Мүгедектік (бар/жок)</p> <p>Пайдалану түрі</p>	
---	--	--

4	<p>Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі</p> <p>(Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің облыстар және Астана, Алматы, Шымкент қалалары бойынша аумақтық департаменттері)</p>	
---	--	--

	<p>Есепті кезең</p> <p>Қазақстан Республикасы бойынша мемлекеттік еңбек инспекциясы жүргізген барлық тексерулер саны</p>	
--	--	--

1	<p>Тексеру барысында анықталған мәжбүрлі еңбек фактілерінің саны Қабылданған ден қою шаралары Аумақтық ведомствоаралық мобиЛЬДІ топтардың құрамында анықталған мәжбүрлі еңбек фактілерінің саны Қабылданған ден қою шаралары</p>	
2	<p>Заңсыз еңбекке тартылған анықталған кәмелетке толмаған адамдардың саны Кәмелетке толмағандарды мәжбүрлеген жұмыс турлери Қабылданған ден қою шаралары Кәмелетке толмағандар бойынша мәліметтер: Жасы Жынысы (еркек/әйел) Әлеуметтік мәртебе Тұрғылықты жері және анықталған еңбекке мәжбүрлеу орны Қолда бар занды өкілдер (ата-аналар, корғаншылар, камкоршылар) туралы ақпарат</p>	

5	<p>Казақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары</p>
---	---

1	<p>Есепті кезең Еңбек делдалдығына жүгінген адамдардың саны туралы деректерді ұсынатын жеке жұмыспен қамту агенттіктерінің саны (Казақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 106-бабы 6-тармағының 5) тармақшасына сәйкес) Жеке жұмыспен қамту агенттігінің делдалдығымен жақын және алыс шет елдерге жұмысқа кеткен азаматтардың саны</p>	
---	---	--

6	<p>Казақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі Адам саудасының кәмелетке толмаған құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін білім беру үйымдары</p>
---	---

	<p>Адам саудасының кәмелетке толмаған құрбандары туралы мәліметтер Есепті кезең</p>	
--	---	--

	<p>Кәмелетке толмаған адамдарды сәйкестендіру және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету үшін сізге жіберген адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілері</p> <p>Келіп түскен кәмелетке толмаған адамдардың жалпы саны / оның ішінде: анықталған/ анықталмаған</p> <p>Көмек және арнаулы әлеуметтік қызметтер алған адам саудасының кәмелетке толмаған құрбандарының саны</p> <p>Қылмыстық іс жүргізу шеңберінде шаралар қабылдау үшін ішкі істер органдарына жіberілген фактілер саны</p> <p>Адам саудасының кәмелетке толмаған құрбандарының жасы</p> <p>Азаматтығы (шықкан елі)</p> <p>Ұлты - Жынысы (ерек/әйел)</p> <p>Әлеуметтік мәртебе</p> <p>Мүгедектік (бар/жок)</p> <p>Пайдалану түрі</p>	
1		

7	Қазақстан Республикасының Оку-агарту министрлігі Бала құқыктарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар
---	---

1	Бала құқыктарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға келіп түскен және жеткізілген жетім балалар мен ата-анасының қамкорлығынсыз қалған балалардың саны - Қабылданған ден қою шаралары
---	---

2	Адам саудасына қарсы іс-қимыл саласында оқытудан/ тренингтерден/біліктілікті арттырудан өткен қызметкерлер саны Ел ішінде/шетелде ұйымдастырылған Тренинг тақырыптарының атауы Кезең
---	---

8	Қазақстан Республикасының Оку-агарту министрлігі
1	Мектептердің, орта және жоғары оку орындарының оқушылары үшін өткізілген Білім беру бағдарламаларының саны Тренинг тақырыптарының атауы Кезең

Казақстан Республикасының Денсаулық сактау министрлігі
Адам саудасының анықталған күрбандарына тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін ұсынатын денсаулық сактау үйымдары

	<p>Адам саудасының күрбандары туралы мәліметтер</p> <p>Есепті кезең</p> <p>ТМККК үшін адам саудасының күрбандарын сізге жіберген адам саудасына карсы іс-қимыл субъектілері</p> <p>Адам саудасы күрбандарының, оның ішінде кәмелетке толмағандардың жалпы саны</p> <p>Адам саудасы күрбандарының саны, оның ішінде ТМККК алған кәмелетке толмағандар</p> <p>Адам саудасы күрбандарының саны / қылмыстық іс жүргізу шеңберінде шаралар қабылдау үшін ішкі істер органдарына жіberілген фактілер</p> <p>Адам саудасы күрбандарының жасы (18; 18-25; 26-45; 45-60; 60 және одан жоғары)</p> <p>Азаматтығы (шыққан елі)</p> <p>Ұлты</p> <p>Жынысы (ерек/әйел)</p> <p>Әлеуметтік мәртебе</p> <p>Отбасылық жағдайы</p> <p>Мұғедектік (бар/жок)</p> <p>Пайдалану түрі</p>	
2	<p>Дене жарақаттарының тән белгілерін және көмек түрлерін көрсетіңіз:</p> <p>жыныстық қанау;</p> <p>енбекті пайдалану;</p> <p>мәжбүрлі қайыр сұрау;</p> <p>адам ағзалары мен тіндерін алу</p>	

Казақстан Республикасының Денсаулық сактау министрлігі

	<p>Патронаждық медицина қызметкерлерінен адам саудасына, кәмелетке толмағандарға қатысты ықтимал фактілер туралы келіп түскен хабарламалар саны</p> <p>Қабылданған ден қою шаралары</p>	

		Медициналық ұйымдарда қалдырылған жаңа туған балалардың саны Қабылданған ден қою шаралары
11		Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері)
1		<p>Адам саудасының құрбандары туралы ақпарат - Есепті кезең</p> <p>Қазақстан Республикасына оралуға жәрдемдесу үшін азаматтарды сізге жіберген немесе адам саудасы немесе шетелде пайдалану фактісі немесе шетелдік БАҚ-тағы жарияланымдар туралы хабарлаған адам саудасына карсы іс-қимыл субъектілері</p> <p>Қабылданған ден қою шаралары сауданың әлеуетті құрбандарының жалпы саны көмек сұраған адамдар</p> <p>Қазақстан Республикасына оралуға көмек алған адам саудасының әлеуетті құрбандарының саны</p> <p>Адам саудасының әлеуетті құрбандарының саны / қылмыстық іс жүргізу шенберінде шаралар қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне жіберілген фактілер ;</p> <p>Адам саудасы құрбандарының жасы (18-25; 26-45; 45-60; 60 және одан жоғары)</p> <p>Азаматтығы (шықкан елі)</p> <p>Ұлтты</p> <p>Жынысы (ер / әйел)</p> <p>Әлеуметтік мәртебе</p> <p>Отбасылық жағдайы</p> <p>Мүгедектік (бар/жок)</p> <p>Пайдалану түрі</p>
2		<p>Қазақстан Республикасының азаматтарына, оның ішінде Қазақстан Республикасы мойындаған кәмелетке толмағандарға, босқындарға және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, шетелде адам саудасының құрбаны болған азаматтығы жоқ адамдарға</p>

	берілген Қазақстан Республикасына оралуға арналған күәліктердің саны	
3	Шетелдіктер асырап алған және шетелде тұратын балалардың мониторингі барысында анықталған адам саудасы немесе кәмелетке толмағандарды пайдалану фактілерінің саны	
4	Қазақстан Республикасындағы шетелдіктерге қатысты жасалған адам саудасына байланысты қылмысқа қатысты Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне келіп түскен сұрау салулар/өтініштер/өтініштер саны Қабылданған ден қою шаралары	
5	Үй қызметкерлерінің мәжбүрлі енбегін пайдаланған Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің қызметкерлеріне қатысты келіп түскен сигналдар/шағымдар саны Қабылданған ден қою шаралары	
6	Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелде адам саудасының тәуекелдері туралы алдын алуға және ақпараттандыруға, өтініш білдірген жағдайларда оларды Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің байланыстары туралы хабардар етуге бағытталған БАҚ-та, ресми ведомстволық сайтында, әлеуметтік желілерде орналастырылған жарияланымдардың саны	
12	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі	
1	Есепті кезең Адам саудасына қарсы іс-кимыл саласындағы зансыз ақпараты бар анықталған және бұғатталған сайттардың саны: бала асырап алу максатында жаңа тұған балалардың саудасы; адам ағзалары мен тіндерін сатып алу-сату; жезөкшелікпен айналысады насиҳаттау, жарнамалау, оның ішінде кәмелетке толмағандар	

2	Қылмыстық іс жүргізу шеңберінде шаралар қабылдау үшін ішкі істер органдарына қайта жіберілген адам саудасына, көмелетке толмағандарға байланысты ықтимал фактілер туралы хабарламалар саны	
3	Қандай әлеуметтік желілерде, интернет-ресурстарда, веб-беттерде заңсыз ақпарат көбірек анықталады	
4	Адам саудасына қарсы іс-қымыл субъектілерінен тексеру және бұғаттау үшін келіп түскен интернет - ресурстардың саны (субъектілер бойынша)	
5	Адам саудасына қарсы іс-қымыл саласындағы іске асырылған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстардың саны, қандай сомаға, қандай бағыттар бойынша	

13

Казақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі

1	Қылмыстық іс жүргізу шеңберінде шаралар қабылдау үшін ішкі істер органдарына қайта жіберілген адам саудасына, көмелетке толмағандарға байланысты ықтимал фактілер туралы хабарламалар саны	
---	--	--

14

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары

1	Есепті кезең Күн тәртібіндегі мәселелерді көрсете отырып, адам саудасына қарсы іс -қымыл мәселелері жөніндегі өңірлік комиссияның өткізілген отырыстарының саны	
2	Азаматтардан түскен шағымдар/ өтініштер / адам саудасына байланысты қылмыстармен қатар жүретін құқық бұзушылықтардың нәтижесінде қоғамдық тәртіпті бұзу фактілері бойынша өтініштер саны Қабылданған ден қою шаралары Қылмыстық іс жүргізу шеңберінде шаралар қабылдау үшін ішкі істер органдарына қайта жіберілген адам саудасына, көмелетке толмағандарға байланысты	

	ықтимал фактілер туралы хабарламалар саны	
3	БАҚ-та, ведомстволық сайттарда, әлеуметтік желілерде орналастырылған, Қазақстан Республикасының азаматтарын адам саудасының тәуекелдері және құқықтық сауаттылықты арттыру туралы алдын алуға және хабардар етуге бағытталған жарияланымдардың саны Тақырыптық бағдарламалар, бейнероликтер, сұхбаттар	
4	Адам саудасына қарыс іс -қимыл саласындағы іске асырылған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстардың саны, қандай сомаға, қандай бағыттар бойынша	
5	Қазақстан Республикасының аумағында адам саудасының күрбандары ретінде анықталған және сәйкестендірілген шетелдіктер мен азаматтығы жок адамдарға уақытша тұруға рұқсат ресімдеу үшін ішкі істер органдарына жіберілген етініштердің саны	

15

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі

	Адам саудасының күрбандары туралы мәліметтер Есепті кезең Адам саудасы фактісі / адам саудасы күрбандарын әкету, экелу, транзит арнасы туралы хабарлаған адам саудасына қарыс іс-қимыл субъектілері Қабылданған ден қою шаралары Көмекке жүгінген адам саудасының ықтимал күрбандарының жалпы саны Қылмыстық іс жүргізу шенберінде шаралар қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Ишкі істер министрлігіне қайта жіберілген адам саудасының әлеуетті күрбандарының саны Адам саудасы күрбандарының жасы (18-25; 26-45; 45-60; 60 және одан жоғары) Азаматтығы (шықкан елі) Ұлты	
1		

	Жынысы (еркек/әйел) Әлеуметтік мәртебе Отбасылық жағдайы Мүгедектік (бар/жок) Пайдалану түрі	
2	Адам саудасына қарсы тұру кезінде бақылау-өткізу пунктінде сыртқы жағымсыз факторларды, осалдыктар мен кемшіліктерді көрсетініз	
3	Адам саудасына қарсы іс-қимылда құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау: келіп түскен/жіберілген сұраулар саны; бірлескен іс-шаралар саны (дөңгелек үстелдер, кенестер); Қазақстан Республикасының аумағына кіруді/шығуды өткізу пункттерінде жүргізілген ақпараттық кампаниялардың саны	

16

Адам саудасына қарсы іс-қимыл саласында жұмыс істейтін коммерциялық емес ұйымдар

1	Адам саудасының күрбандары туралы мәліметтер Есепті кезең Сәйкестендіру және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету үшін сізге адамдарды жіberген адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілері Келіп түскен адамдардың жалпы саны/ оның ішінде: анықталған/ анықталмаған Адам саудасына байланысты қылмыстар бойынша жәбірленуші деп танылған және арнаулы әлеуметтік қызметтер алған адам саудасы күрбандарының саны Көмек және арнаулы әлеуметтік қызметтер алған адам саудасы күрбандарының саны Адам саудасы күрбандарының саны / қайта бағытталған фактілер : қылмыстық іс жүргізу шеңберінде шаралар қабылдау үшін ішкі істер органдарына; ТМККК үшін медициналық ұйымдарға Адам саудасы күрбандарының жасы (18-25; 26-45; 45-60; 60 және одан жоғары)	
---	---	--

	<p>Азаматтығы (шыккан елі)</p> <p>Ұлтты</p> <p>Жынысы (ерек/әйел)</p> <p>Әлеуметтік мәртебе</p> <p>Отбасылық жағдайы</p> <p>Мүгедектік (бар/жок)</p> <p>Пайдалану түрі</p>	
2	<p>Қазақстан Республикасының аумағында адам саудасының құрбандары ретінде анықталған және сәйкестендірілген шетелдіктер мен азаматтығы жок адамдарға уақытша тұруға рұқсат ресімдеу үшін өтінішхат туралы өтінішпен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына жіберілген өтініштердің саны</p>	
3	<p>Қазақстан Республикасының аумағында адам саудасының құрбаны ретінде анықталған және сәйкестендірілген шетелдіктерді азаматтығы бар елге қайтару бойынша жәрдемдесу шараларының саны</p>	
4	<p>Адам саудасы құрбандарын әкету, әкелу және транзиттеудің ықтимал арналары туралы ақпарат</p>	
5	<p>Адам саудагерлері қолданатын жаңа формалар мен әдістер туралы ақпарат</p>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК